Жалпы республикалық көрсеткіште Ақтөбе қаласының инвестиция көрсеткіші төмендеуде: 2012 (2,9%) 2014 жыл (2,6%) 0,3 пайыз пункт, қаңтар-қыркүйек айлары аралығында 2015 жыл аталған көрсеткіш төмендеуін жалғастыруда және бар болғаны 1,5% құрап отыр. Теріс қарқын қаланың облыстың жалпы капиталына инвестиция үлесінде байқалып отыр, ол 2,7 пайыз пункттың құрамында.

Жалпы алғанда Ақтөбе облысы 2015 жылдың 9 ай аралығында өткен жылғы тиісті мерзіммен салыстырғанда негізгі капиталға инвестиция көлемі 37,6% кеміген. Облыстағы инвестициялық салым көлемі 10,5 есеге кем. Облыстағы негізгі инвестициялық ағыстар тау кен өндірісіне және карьерларды өңдеуге келіп отыр, 9 ай ішінде 2015 жылы ол көрсеткіш 63,8%, болды, өңдеу өнеркәсібіне барлығы 21,7% келеді. Егер де қалада тау кен өндірісі өнеркәсібі аз екенін есепке алатын болсақ, онда өндіріс құрылымында бар болғаны 0,8%, құрап отыр, ал өңдеу өнеркәсібі қаланың үштен бір көлемін алып отыр, ол 73,7% артық, қаланың инвестициялық ағысының төмендігі толық ақталады.

Сурет 21. Негізгі капиталға инвестициялау көзі, %

Сараптау мерзімінде негізгі капиталға инвестициялаудың негізгі көзі кәсіпкерліктің жеке қаржысы болды, тек 2013 жылда айтпағанда олардың үлесі 70% құрап отыр, ол жалпы инвестиция көлемінен алғанда (2014 жылы). 2013 жылы республикалық және жергілікті бюджеттен түсетін қаржы үлесі 43%, құрады, ол жеке инвестиция көлемінен 2 пайызға артты. Шетел инвестициясының негізгі үлесі 2014 жылы байқалды, ол жалпы соманың 0,05% құрап отыр (89 млн.теңге), алайда 9 ай аралығында 2015 жылы резидент еместердің қарыз құрамы 0,8% құрады және 503 млн.теңгеге артты және 6,6 есеге артты.

Инвестициялық салымның негізгі үлесі өңдеу өнеркәсібіне келіп отыр, қаланың жартысынан көп инвестициясы (47,5%). 2015 жылдың 9 ай аралығында 2 есеге артты, ол негізінен жылжымайтын мүлік операциялары – теңгенің курсының ауытқуымен байланысты. Сонымен қатар осы мерзімде

қаланың басымдықты саласына салым артты ол көлік саласы 1,8%. 2014 жылы салымның көп бөлігі энергиямен қамтамасыз етуге келіп отыр, газ беруге, бу мен ауаны кондиционирлеуге келіп отыр оған жалпы капиталға инвестиция көлемнің – 12,2% келіп отыр, ол республикалық және жергілікті бюджеттен «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы арқасында артып отыр, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, «Коммуналдық шаруашылық нысандарын дамыту» бағдарламасына, әлеуметтік сала нысандарын салу және оны жөндеу «Қала мен елді мекендерді абаттандыруды дамыту» бағдарламасы бойынша жүргізіліп отыр, сонымен қатар «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша жүргізіліп отыр. Қаңтар-тамыз айы 2015 жылы мемлекеттік бюджет салымы барлық инвестицияға 4,5% есеге кеміді.

Сурет 22. Жалпы инвестиция көлемінен пайдалану бағыты бойынша негізгі капиталға салу, %

Дереккөз: ҚР Статистика комитетінің Ақтөбе облыстық статистикасы

2014 жылы денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметке инвестиция көлемі 2,9% қысқарды, ол 2012 жылмен салыстырғанда және 0,8% өткен жылдағы көрсеткіш. 2014 жылы жалпы инвестиция көлемі 0,4% немесе 672 млн.теңге болды. Сонымен қатар салымның аздаған көлемі кәсіби, ғылыми қаржылық және сақтандыру қызметтеріне келеді, өмір сүру бойынша және тамақтану бойынша қызметтерге де келіп отыр.

Сурет 23. Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капитал инвестициялары (сыртқы/ішкі), млрд.теңге

Дереккөз: ҚР Статистика комитетінің Ақтөбе облыстық статистикасы

Негізгі капиталға инвестиция өскенде 2014 жылы сыртқы инвестиуия көлемінің артуы да байқалды, ол сыртқы инвестицияның өсуі бойынша мақсаттан асып кетті. Ішкі салым бойынша төмендеу байқалды: 2014 жылы кему 19,4 млрд. теңгенің құрады немесе 13 пайыз пункты.

Кесте 23. Негізгі капитал инвестициясының технологиялық құрылымы, млрд. теңге

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	қаңтар-қыркүйек 2015 жыл
ҚМЖ	72,9	106,6	111,7	39,7
Машиналар, жабдықтар,	72,8	49,8	43,4	23,0
Өзге де шығындар	8,1	10,0	14,1	7,4

Дереккөз: ҚР Статистика комитетінің Ақтөбе облыстық статистикасы

Негізгі капиталға инвестициялаудың технологиялық құрылымында көп бөлігі құрылыс және капиталдық жөндеуге салынады (СМР) – ол жалпы инвестиция көлемінен алғанда 66,5% машина мен құралдарды сатып алуға

инвестиция 29,3 млрд.теңгеге қысқарды және негізгі капиталдың барлық инвестиция көлемінің төрттен бірін құрап отыр.

Сурет 24. Негізгі капиталға инвестициялаудың технологиялық құрылымы, %

Инвестиция көлемінің арту жолдары мына міндеттерді шешу арқылы болады:

- Инвестициялық процеске әлеуетті қатысушылардың өзара әрекеттестігінің төмендігі;
- Инновациялық бағытқа инвестицияның аз салынуы және инфрақұрылымға аз инвестиция салу ;
- Қаланың басымдықты салалары бойынша негізгі капиталдың тозуы;
- Қаланың қолда бар инвестициялық әлеуетін жеткілікті түрде пайдаланбау, аумақаралық инвестициялық жобалардың санының аздығы;
- Инвестициялық стратегияны нақты анықтамау.

Индустриализация картасы

ГПФИИР бірінші бес жылдығы 2015 жылда қажетті өндірістік және инфрақұрылымдық база салды ол индустриализацияны дұрыс жүргізу мен әрі қарай постиндустриалды қоғамға ауысу үшін жүргізілді.

Қазақстанның Ақтөбе қаласы бойынша индустриализация картасына 51 жоба кірді, құрылыс мерзімінде 4 076 жұмыс орнын құру, пайдалану мерзімінде 4 208 жұмыс орнын құру, жалпы инвестиция көлемі 242 606 млн. теңге, нысанды енгізу кестесіне сәйкес 2010 жылы пайдалануға 42 жоба берілді, ол 3 429 жұмыс орнын қамтамасыз етеді және инвестиция көлемі 231 829 млн.тг. 2015 ж. екінші жарты жылдығында тағы да 3 жоба аяқталды жалпы инвестиция сомасы 2 252 млн.тг. оның біреуі металлургия өндірісі болып табылады, екеуі өндіріс қуатын модернизациялау бойынша. Сонымен жүзеге асыру деңгейінде 10 жоба қалып отыр, соңғы жоба аяқталу кезеңінде ол спецтехниканы жинау бойынша зауыт тапсыру 2017 жылға жоспарланған.

2015 жылы ферроқорыту және рельсобалкалы зауытты енгізудің арқасында металлургиялық өндіріс өседі. Оны толық қуатына қосқаннан кейін өңдеу секторы 5% артады ол келесі жылы жүзеге асырылып бітеді деп күтілуде.

Индустриализация Картасы аясында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді: жаңа кәсіпорындар ашу, өндірістік қуатты модернизациялау, инновация технологияларын енгізу, жаңа өнім шығару арқылы ассортиментті кеңейту және т.б.

ГПИИР екінші бес жылдығы аясында дамудағы басымдық ел экономикасының дағдарысын есепке ала отырып инфра құрылым мен машина жасау саласы жобалары анықталды. Сонымен қатар, өндірістің

экспорттық бағытталуын қолдау қажет сонымен қатар импортты алмастырушы өнім шығару бойынша кәсіпорындарды қолдау қажет.

Индустриализация Картасына салынған инвестицияны ақтау мақсатында үнемі кәсіпорын жұмыстарына мониторинг жүргізіп отыру қажет, қажеті қарай қаржылық және кеңестік қолдау көрсету қажет.

Кесте 24. Ақтөбе қаласының ГПИИР аясындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы туралы ақпарат

2012			
1.	Сүт цехы "КОЛАКС 3002"	ЖШС "БОЛАТ ЛТД"	сүт өнімдері 300 т/жыл
2.	Өндірісі кварцтан жасанды тас	ЖШС "Фирма Бекарыс"	20 мың кв.м. жыл
3.	Қайталама шикізатты қайта өңдеу жөніндегі дайындау, қағаз және қатырма қағаз цехы	"Коктас Ақтөбе " АҚ	810 тонна жыл
4.	Фармацевтикалық дәрілік заттарды өндіру	ЖШС "ТК Фарм Ақтөбе "	0,6 млн./ 76 тн флакон жыл
5.	Лак-бояу өнімдерін өндіру зауыты	ЖШС "Alina Pro"	5,2 мың тонна жыл
6.	Инновациялық технологияларды енгізе отырып тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін сақтау кешені	ЖШС "Seal INT"	2999 кв.м.
7.	ЖБИ зауыты құрылысы	ЖШС "МИЗАМ"	94800 тонна жыл
8.	Кондитерлік цехтың құрылысы	ЖШС "Рамазан"	1 650 тонна жыл
	барлығы: 8 жоба		
2013			
1.	Жаңа феррокорытпа зауытын салу, Ақтөбе (№4 цех)	"ТНК "Казхром" АҚ	440,0 мың тонна жыл
2.	Арқалы металл бекітпелері цехы	ЖШС "Актюбинский завод металлоконструкций"	12 000 тонна жыл
3.	Аралық тақталар технологиясы бойынша "weiler (bei maуen) фирмасының " өндіру кешені	ЖШС "Стройдеталь"	52500 тонна жыл
4.	Жылыжай кешенін салу 2га	ЖШС "Ника-99"	100 тонна жыл
5.	Энергия үнемдегіш шыны пакеттерін өндіретін зауытын салу	АФ ЖШС «Агран»	67 мың кв.м. шыны пакет/жыл
	барлығы: 5 жоба		
2014			
1.	Жылыжай кешенін салу 3га	ЖШС "Ақтөбе -Жылыжай"	1500 тонна жыл
2.	Рельс-арқалық зауытының құрылысы	ЖШС «АРЗ»	430 мың тонна
3.	Өндіру кешені фитингтер, бұруларды, өткелдерді және стандартты жинақтаушы	ПТ "Казтеплоэнергомонтаж"	ППУ бөлу, фитингтер 347 дана және ППУ құбырлар 1479 т
4.	Химиялық өнімдер және мотор отын өндірісі бойынша мини-зауыт	ЖШС "Жан Ами и К"	40 мың тонна ЖЖМжыл
5.	Мобильді битумдік қойма, сыйымдылығы 375 тонна	ЖШС "Южпромснаб"	1500 тонна жыл

барлығы: 5 жоба				
2015				
-	Өндірістік-өнеркәсіптік кешені(бекіткіш бұйымдар, фибра өндірісі, металл өңдеу)	ЖШС "Каспий плюс"	бекіту бұйымдары - 200 мың дана жылына , фибра өндірісі - жылына 500 мың тонна ,металлөңдеу–жылына 500 мың үштік	іске наурызда қосылды -т. ж.
-	Силикатты бұйымдар жаңғырту зауыты	"Коктас Ақтөбе" АҚ	Жылына 54 млн. үштік	қазан айында іске қосылды т.ж.
-	Макарон фабрикасын салу, Ақтөбе	ЖШС "Ново-Альджановский мелькомбинат"	Жылына 12 мың тонна өнім	іске қосылуы қараша айына жоспарланып отыр-т. ж.
-	Борлау цехы	ЖШС «ЕвразМеталКомпани»	Жылына 3 мың тонна	іске қосылуы қараша айына жоспарланып отыр
-	Өндірістік қуаттарды жаңғырту	ЖШС "Айс плюс"	Жылына 12 мың тонна сүт өнімдері	Желтоқсан айында іске қосу жоспарланып отыр-т.ж.
барлығы: 5 жоба				

Индустриалдық-инновациялық инфрақұрылым

Индустриализацияның перспективалық жұмыстарының бірі және шағын және орта бизнесті қолдаудағы жұмыстарының бірі – ол индустриалдық аймақ құру болып табылады, ол ФИИР мемлекеттік бағдарламаның негізгі бөлігін көрсетеді, себебі ірі жобалармен бірлесіп аумақтық кластер құру мүмкіндігі туады. Отандық және шетел инвесторларын тарту мақсатында, өндіріс саласындағы жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында, аумақты қатты қажет болатын өніммен қамтамасыз ету мен импорттық аналогын ұсыну мақсатында, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, әрі қарай қайта инвестициялау мен Ақтөбе қаласында өндірісті кеңейту мақсатында индустриалдық аймақ құрылысы жүргізіліп жатыр.

Әлеуметтік -кәсіпкерлік корпорация жалпы аумағы 200 гектар жер бөлінді. Тиімді географиялық орналасу бірінші кезекте өндірістік аумақтың қала орталығынан 5 км орналасуы ол «Батыс Еуропа -Батыс Қытай» автобаны бойында орналасқан, Ресей шекарасына дейін 85 км және Қытайға транзиттік мүмкіндіктері бар.

Инновациялық аумақтағы инфрақұрылымды салуға 5,5 млрд. теңге инвестиция бағытталды, бүгінгі күні аумақты абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр және сумен қамтамасыз ету желілерін салу жұмыстары атқарылып жатыр (4500 куб.м тәулігіне), газбен қамтамасыз ету (480 мың куб.м тәулігіне), электрмен қамтамасыз ету (100 МВт),кәріз, автомобиль және темір жолдары, жоғары жылдамдықтағы интернет және телефония (ОВЛС), әкімшіліктік-тұрмыстық кешен ғимараты салынды.

Индустриалдық аумаққа қатысушылар үшін тартымды жағдайлар жасалып жатыр:

- Дайын инфрақұрылым, оған қосылу тегін жүргізіледі;
- Әкімшіліктік -тұрмыстық кешен, оған қонақ үй және офистер кіреді;
- Нарық бағасынан төмен болатын жер телімін сатып алу немесе жалға алу;
- Қолайлы көлік логистикасы;
- «бір терезе» принципімен жобаға қолдау көрсетті ол инвесторлар орталығы арқылы жүргізіледі.

Мемлекет әрбір бюджеттік инвестицияға салынған теңге максималды – аруы үшін саясатын жүргізіп отыр, 1 теңге бюджет қаржысына 7 теңге жеке капитал тартылатын болады.

Индустриалды аумақтың специализациясы химиялық, мұнайгаз. Көліктік және құрылыс салаларын дамытуға бағытталған. Ол болашақта да қала агломерациясын дамыту үшін қажет.

Инаумақта шамамен 10 ірі және орташа зауыт орналастыру жоспарланып отыр және 30 астам шағын зауыттар орналастыру жоспарлануда, мыңдаған жұмыс орындары құрылады.

Бүгінгі күні бизнес субъектілерінен 6 өтініш берілді ол 25,0 млрд. теңге , оның ішінде 3 – рұқсат берілді:

- «ҰЛАН КОМПАНИЯСЫ»ЖШС өндірістік-өнеркәсіптік кешен салу жобасын жүзеге асырып отыр ол металлоконструкцияларын, құрылыс материалдарын, көпір крандарын өндіреді;
- «Спецтехника»ЖШС - арнайы техниканы жинау бойынша зауыт оған 100 бірлік арнайы техника қосылған (трактор, экскаватор, автогрейдер, самосвалдар және т.б.);
- «МР Ойл Газ Энерджи Инвестмент LTD»ЖШС - көмір мен көміртегін қайта өңдеу бойынша зауыт салу.

Таралық сектор өндірісі бойынша зауыт салу болжанып отыр, және сэндвич-панель, электрдәнекерлік тігісті құбыр домалақ, мәрмәрды өңдеу бойынша құбыр желісіне арналған құралдарды жасайтын резина-техникалық құрал зауытын салу ұсынысы бар, сонымен қатар байытылмаған полиэфир және эпоксид смола зауытын салу ұсыныстары бар.

Жобаны жүзеге асырудан күтілетін тиімділік:

- ВРП құрылымында өңдеу өнеркәсібі үлесі 10 % артып отыр,
- Өндірістік өнім көлемі 9 %,
- Өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 15 %,

- Негізгі капиталға инвестиция көлемі 13 %;
- Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 20 % артады.

Инновация

Қазақстанда жүргізіліп отырған ғылыми сыйымдылығы мол экономикада бәсекеге қабілеттілікті дамыту саясатының мақсаты өңдеу өнеркәсібіне басымдық беріп отыр, ол жоғары технологиялық өнім шығарады, мемлекет инновациялық қызметке ықпал етіп отыр, ғылыми-техникалық әлеуетті ашуға, ғылым мен өндіріс интеграциясын тудыруға және жеке секторды жандандыруға ықпал етіп отыр. Жаңа білім 75% артық ІЖӨ қамтамасыз етеді.

Дамыған елдер оның ішінде ОЭСР кіретін елде жыл сайынғы инвестиция көлемінің артуымен сипатталып отыр; ол Еуропаның шағын елдерінде – 5,6% (Норвегия) 10,2% аралығында (Ирландия), ОЭСР мүшесі ірі елдерде - 2,2% (Германия) 3,9% (АҚШ) аралығында.

Білімге салынған инвестицияның негізгі құрамы ол ғылыми зерттеулер мен талдауларға салынып отырған инвестиция.

Ақтөбе қаласында ғылыми-техникалық жұмысқа 2014 жылы салынған инвестиция 2 222,1 млн. теңге, ол жалпы облыс көлемінің 86% құрап отыр (2 583,8 млн. теңге). Сыртқы қаржыландыру көлемі үлесі 68% немесе 1 511,3 млн. теңге , ішкі 32% немесе 710,8 млн. теңге .

2013 жылы НИОКР салым күрт артқаннан кейін 70% ол өткен жылғымен салыстырғандағы арту, сыртқы шығын үлесі 2 есеге артты (116,6%), 2014 жылы 25% төмендеді, онда сыртқы шығын үлесі едәуір кеміді (36,7%) ол мемлекеттік дотацияны кесіп мемлекеттік қаржыны үнемдеу кестесіне өту арқасында болып отыр, алайда кәсіпорынның ішкі нарығына артты ол ғылыми-техникалық жұмыстар шығыны 30% болды. Бүгінгі күні кәсіпорын өндірістік процесті модернизациялауға тырысып отыр және жаңа өніп шығару арқылы тауарлық кеңейтуге тырысып отыр.

Сурет 25. НИОКР ішкі жалпы шығыны, млн. теңге

НИОКР көптеген инвестиция көлемі 86% жеке формадағы кәсіпорындарға келеді, оның ішінде 73,4% сыртқы шығындар. Мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істейтіндер 8,4% НИОК барлық шығыны, негізгі үлесі ішкі шығынға келіп отыр 61,9%.

2012 жылдан 2014 жыл аралығында ғылыми зерттеулер жасау мен ғылыми талдаумен айналысатын жұмыскерлер саны артты, алайда кәсіпорын саны бойынша өсім төмендеумен сәйкестенді, 31 есеп берген кәсіпорынның тек 12 ғана НИОКР айналысады

Сурет 26. НИОКР орындайтын кәсіпорындар (ұйымдар) мен қызметкерлер саны , бірлік

Өнеркәсіп салалары бойынша 2013-2014 жылы НИОКР шығыны білім беру саласында 4,7 есеге артты, ғылыми зерттеулер мен талдауларға 36,6%, химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіруге 28,8% және сәулет және инженерлік іздестіру, техникалық сынау және сараптауға 9,1% болды.

Қаланың индустриалдық сипаты және басымдықтық бағыты мемлекеттік саясатқа сәйкес инновациялық өндіріс бағытында және осы инженерлік талдаулар мен технологияларға шоғырлануға мүмкіндік береді – 467,8 млн. теңге, онда негізгі шығын жеке талдау қызметін сатып алуға кетеді (206,9 млн. теңге). Сонымен қатар ғылыми зерттеулердің едәуір бөлігі және талдаулар: ауылшаруашылығы ғылымын (105,1 млн. теңге) медициналық ғылымды (94,7 млн. теңге) қамтиды ол осы саланың прогрессивтік өндірісін дамытуға мүмкіндік береді.

Сурет 27. 2014 жылғы НИКОР ғылым салалары бойынша ішкі шығындар, %

Ішкі шығынды қаржыландыру негізінен кәсіпорынның жеке қаржысы есебінен жүргізіледі. Республикалық бюджеттен 2014 жылы қаржыландыру 2,25 есеге артты ол өткен жылғымен салыстырғанда артып отыр, сонымен қатар инновациялық гранттар 58,25% артты және 14% жеке қаржы ұстала бастады, алайда жергілікті бюджеттен қаржыландыру 3-жыл бойы кеміп отыр 42,4%, 2013 жылы - 1,7%.

Сурет 28. НИОКР ішкі шығынды қаржыландыру динамикасы, млн.тг

Ғылыми-техникалық жұмыстар құрылымын іргелі, қолданбалы зерттеулер, ғылыми-техникалық қызмет және тәжірибелік-конструкторлық талдаулар құрайды. Негізгі үлесті қолданбалы зерттеулер алып отыр ол техникалық ғылым саласында. Демек 2014 жылы зерттеу 29,4% болды ол алдыңғы жылғы мерзіммен салыстырғанда. Сонымен қатар 2014 жылы тәжірибелік-конструкторлық талдау шығыны 6% артты.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру инновациялық белсенділік арқылы жүргізіледі, жеке ғылыми талдауларын дамыту арқылы, жаңа техниканы пайдалану мен оны жаңа техниканы игеру арқылы жүргізіледі. 2012 жылы қаланың 7 кәсіпорыны жаңа технология құрды, 2014 жылы ондай кәсіпорын – 5 болды. Оң динамика жаңа технология құруда байқалып отыр, жыл сайын 11 ден 15 бірлікке дейін құрылады, егер де 2012 жылы бір кәсіпорын үлесі орташа есеппен 1,6 құрылған жаға технология бірлігі болса онда 2013 жылы және 2014 жылы оның ара қатынасы өзгерді және орташа есеппен 3 жаңа технология болып отыр.

Ақтөбе кәсіпорындары инновацияның жеңіл қабылдаушылар қатарына жатады. Жыл сайын жаңа технология қолданатын ұйымдар саны артып келеді 2014 жылы – 9 бірлікке 2013 жылмен салыстырғанда артып отыр. Осы ұйымдарға орташа есеппен 2,2 бірлік жаңа технология келіп отыр.

Кесте 25. Ғылыми зерттеулер мен талдаулардың нәтижелігі

Көрсеткіштер	2012	2013	2014
Жаңа технологиялар жасаған ұйымдардың саны	7	5	5
құрылған жаңа технологиялар	11	15	15
пайдаланатын жаңа технологиялар мен техника объектілерін ұйымдардың саны	25	22	31
жаңа технологиялар/ техника объектілерін пайдаланылған саны	32	46	67

Жалпы алғанда қала бойынша 73 кәсіпорын бар оларда жоқ дегенде 4 типтегі инновация бар. Неғұрлым өзекті болатыны ол маркетингілік және процесстік инновациялар.

Инновациялық белсенділік тамақ және инновация процесі бойынша 2014 жылы 4,6% болды. 2014 жылы 23,5% процесстік және тамақ өнімі инновациясын енгізуші кәсіпорындар саны артты.

Кесте 26. Тамақ және процесстік инновация бойынша белсенді инновациялық кәсіпорындар

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі өнімдік және процесстік инновациялар бойынша, бірлік	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
кәсіпорындар саны, барлығы	854	862	912
инновациялы-белсенді кәсіпорындардың көлемі	35	34	42
инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	4	3,9	4,6

Инновациялық белсенді болатындар ол орта кәсіпкерлерде – 17,2% және ірі кәсіпкерлер – 16,9%, инновациялық белсенділіктің минималды көлемі шағын кәсіпкерлерде – 5,7%. Қалада технологиялық дамуға орта және ірі экономикалық қауқарлы кәсіпорындар қаржы салады олар қаржылық жеткілікті, кадр және интеллектуалдық ресурстары жеткілікті сонымен қатар әлемдік тәжірибеде инновациялық процестерді интенсификациялау шағын кәсіпкерлерге тиесілі, ол олардың белсенді болуымен, икемділігімен, жаңа талаптарға икемделу ептілігімен байланысты. Инновациялық белсенділікті кешеуілдететін негізгі себеп ол шағын кәсіпорын үшін тәуекелдің жоғары болуы, оған мемлекет тарапынан және ірі экономикалық еркін ұйымдар тарапынан қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау қажет.

Кесте 27. 2014 жылы кәсіпорын көлемі бойынша и инновациялық белсенділік көрсеткіші

кәсіпорындар	барлығы, бірлік	инновация барлары, бірлік	инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %
Шағын	870	42	5,7
Орта	99	17	17,2
Ірі	83	14	16,9

Соңғы жылдары инновациялық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмендеп отыр. 2014 жылы өндірілген инновациялық өнім көлемі 2013 ж салыстырғанда қатты кеміді 38,4%, сату көлемі 44% төмендеді және 2014ж. инновациялық өнім экспортталған жоқ.

Сурет 29. Инновациялық өнімді шығару мен сату динамикасы, млн. теңге

Инновациялық өнімді шығару мен сатудағы теріс динамика, ол инновация шығындарының кемуі болып табылады. 2014 жылы инновация шығыны 35 869,3 млн. теңге болды оның ішінде негізгі үлесті процестік – 94,1% және азық түлік инновациясы алдып отыр – 5,6%, сонымен қатар маркетингілік және ұйымдастырушылық инновация – 0,4%. Сараптау мерзімінде 2012 жылдан 2014 жыл аралығында технологиялық инновация шығыны 14 137 млн. теңгеге кеміді немесе 28,3% болды. Атап айтқанда 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда ол 15%, кеміді 2014 жылы өткен жылмен салыстырғанда 16% болды. Онда жеке кәсіпорындардың азық түлік және процесстік инновациялары инновациялық қызметті сатудағы жалпы шығынның жартысын алып отыр.

Технологиялық инновацияның шығыны құрылымын өндірісте мынаны көрсетіп отыр, процесстік инновациялар азық түлік инновациясына қарағанда көп игеріледі.

Кесте 28. Инновациялық қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

КӨРСЕТКІШТЕР	2012	2013	2014
Инновациялық кәсіпорындар саны, бірл.	54	59	73
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі	4	4	4,5
Өндірілген инновациялық өнім көлемі, млн. теңг	5 140,1	4 928,4	3 038,0
Өткізілген инновациялық өнім көлемі, млн. теңге		4841,5	2712,1
көлемі жүзеге асыру көлемі, қойылған экспорт, млн. тг		77,4	0
Технологиялық инновацияларға жұмсалған шығындар, млн. теңге	49877,1	42533,4	35740,1

инновациялық-технологиялық тұрғыдан алғанда мына бағыттағы жобаларды қарастыру қаралып отыр:

- Жоғарыдисперстік сферикалық алюминий ұнтағын өндіру бастапқы алюминиядан. Жаңа өнімді қолдану – ракета отыны ретінде, пиротехника, химия, энергетика, электроника және т.б.

- Жарақатқа қауіпті жоғары сапалы жабуларды инновациялық технологияларды қолдану. Қолдану саласы – еден жабуы балалар бөлмесіне арналған, спорттық және басқа құрылысқа арналған еден жабуы.

- Регенерация (қалпына келтіру) өңделген майлар ИЗ. Бәсекеге қабілетті баға бойынша майды сату.

- Қойылған ионды стационарлық аккумуляторлық батарея және портативтік генераторлар энергия жинағышы қоса салынған. Қолдану саласы өндірістік және тұрғынжайды жабдықтау.

Инновациялық саланың маңызды салаларының бірі ол мыналар болып табылады:

- Жаңа технология құрушы кәсіпорындардың кемуі;

- НИОКР ішкі шығынының аздығы;
- Инновациялық қызметке инвестиция тарту қиындығы;
- Қалада инновациялық технологияны дамыту үшін жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі;
- Шаруашылық етуші субъектілер тарапынан инновацияға сұраныстың аздығы;
- Ұйымның инновациялық әлеуетінің төмендігі;
- Шағын кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігінің аздығы;
- Инновациялық өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі;
- Инновациялық талдауларды коммерциализациялаудың кемдігі;
- Экономикалық тәуекелдің жоғары болуы.

Туризм

Бүгінгі күні Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласында туризм саласында қарқын төмен болып отыр және саланы дамытудағы әлеуетті табысты болатын бағыттар ұсынылмаған. Жолға шығу туризмі сегментін қарастыра отырып қаланың және облыстың экономикалық дамуы іскери туризмнің дамуына ғана әсер етіп қоймайды сонымен қатар отбасылық туризмді дамыту, спорттық туризм мен медициналық туризмді мүлдем жоқ.

Аталған фактор жалпы қаланың қонақ үй кешенін дамытуға оң әсер етеді. Соңғы уақытта орналастыру орнын арттыру байқалып отыр. 1 жарты жалдақта 2015 жыл Ақтөбе қаласында 35 әр түрлі кластағы отель жұмыс істеп отыр. 2012 жылмен салыстырғанда орналасу орны саны 13% артқан.

Сурет 30. Қаланың қонақ үй кешені динамикасы, бірлік

Кешенді дамуды қонақ үй қызметінің индекс туралы мәліметтер көрсетіп отыр. Аталған қызметтің жылдық баға өсімі 9 ай ішінде 2015 жылы 9,5%, болды ал 2012 жылы аталған көрсеткіш бар болғаны 0,9% болды. Осы динамика аталған қызмет түрінің сұраныста екенін көрсетіп отыр.

Сурет 31. Қонақ үй қызметіне база индексі, %

Жалпы алғанда 1 жарты жыл ішінде 2015 жылы орналасу орындары бойынша қалада 31 845 адамға қызмет көрсетілді. Оның ішінде 87,9% ел резиденттері болды. Жалпы алғанда аталған көрсеткіш бойынша жағдай тұрықты түрде қалыптасып отыр және ұзақ мерзімдік өсім қарқынымен жүріп отыр.

Жыл сайын қонақүй кешенін дамыту бәсекелестіктің артуын тудырады және қызмет көрсету сапасының артуына, сонымен қатар қоғамдық тамақтанудағы қызмет көрсету сапасының артуына мәдени және сауық секторындағы қызмет көрсету сапасының артуына ықпал етеді.

Сурет 32. Төсек орынға қызмет көрсету, адам

Мәдени-сауықтыру саласы Ақтөбе қаласында әр түрлі профилдегі кәсіпорындар арқылы берілген: театр, кинотеатр, мұражай, планетарий, демалыс саябағы, клубтар, сауық орталықтары және дискотекалар, жаттығу залдары, бассейн және бильярд орындары. Алайда қалада мәдени-сауық орындарының ішінен мыналар жоқ цирк, зоопарк, аквапарк. Тағы да ішкі туризмді дамытуға кедергі болатын жағдай ол концерттік шаралар мен қазақ және шетел жұлдыздарының концерттерін ұйымдастыру жұмыстарының болмауы.

Ақтөбеліктер үшін табиғат аясында демалу орны ол Ақтөбе, Сазды және Қарғалы су қомасы болып табылады. Инфрақұрылымды дамыту әлеуеті бар және осы аумақтарды ішкі туризмді жандандыру үшін танымалдандыру әлеуеті бар.

Туризмді дамытуда көліктік қолжетімділік те маңызды рөл ойнайды, ол негізінен аэропорт, темір жол және автовокзал қызметтері.

Халықаралық аэропорт Ақтөбе қаласында барлық әуе судаларын қабылдайды және оған қызмет көрсетеді. Ақтөбе аэропорты Алматымен, Астанамен, Қарағандымен, Кельнмен, Санкт-Петербургпен, Мәскеумен басқа да қалалармен үнемі қатынас жасап тұрады, қызметтестікті үнемі кеңейтіп отырады және басқа да әуе компанияларымен қызметтестікті кеңейтіп отырады. Аумақ бойынша және географиялық тұрғыдан алғанда аэропорт ірі халықаралық аэронавигациондық трассада орналасқан ол Батыс Еуропаны Орталық және Оңтүстік Шығыс Азиямен жалғастыру орнында орналасқан. 2006-2007 жылы аэровокзал кешенін қайта жөндеу жүргізілді осыған байланысты қызмет көрсету көлемі артты жылына 10-15% болды. Қала аэропорты елдегі жүк көтеру бойынша бесінші орын алады.

Ақтөбе ең бір ірі теміржол-автожол желісінде тұр. Ақтөбе облысының темір жол желісі облыс орталығын Республиканың басқа да облыстарымен байланыстырады сонымен қатар Ресей; Өзбекстанмен байланыстырады және басқа да елдермен байланыстырады, жолаушылар тасымалын 4- бағыт бойынша жүзеге асырады транзиттік тасымал халықаралық қатынастарда жүзеге асырады.

Қалада екі автовокзал бар «Экспресс» және «Сапар» олар Қазақстанның ірі қалаларымен қатынастарды қамтамасыз етеді және Ресей қалаларымен қатынастары бар, сонымен қатар облыстың елді мекендерімен қатынастарды жүзеге асырады. Аумақ аумағы бойынша екі магистралдық автотранспортты коридор бар: Омбы – Майқапшағай және Алматы – Риддер – Ресей шекарасы.

Ақтөбе қаласының экономикалық және әлеуметтік дамуындағы стимулдардың бірі ол медициналық туризмді дамыту болуы мүмкін. 2015 жылы сәуір айында мемлекет Басшысы Қазақстан клиникаларында медициналық туризмді дамытуға мүмкіндіктер көп деп атап өтті. Ол Ақтөбе қаласына сәйкеседі, онда сырт қаладан келетін адамдар арасында

медициналық қызмет сұраныста, туристік кластер құру жағдайы бар және сапалы жоғары білікті мамандар қызметін алу мүмкіндіктері бар.

Ақтөбе қаласында ірі клиникалар инновациялық диагностика және науқасты емдеу әдістерін табысты жүзеге асырып отыр. Облыстық балалардың клиникалық ауруханасы, Клиника «Дару» және басқаларын айтуға болады. Облыстық балалардың клиникалық ауруханасы 200 төсекке арналған және Облыстық клиникалық аурухана 300 төсекке арналған, ол «100 мектеп және 100 аурухана» бағдарламасы бойынша салынған, қазіргі заманғы жорағы технологиялық медициналық құралдармен жабдықталған және жоғары білікті медициналық мамандары бар, олар алдыңғы қатарлы орталықтарда және жақын шетелде алыс шетелде оқыған мамандар.

Жоғары деңгейде медициналық қызмет көрсетудің ғылыми әлеуеті М. Оспанов атындағы БҚММУ болып отыр және клиникалық кафедралар олар басқа қалалар мен қалалық клиникалар базасында орналасқан.

Мемлекеттік медициналық ұйымдарынан Ақтөбеде 8 қазіргі заманғы магнитті-резонанстық томограф қызмет етіп отыр, компьютерлік томографтар бар. Кардиохирургиялық және кардиологиялық орталықтарда коронарография, стентирования және күрделі операциялар жүрекке ашық түрде жүргізіледі, оның ішінде әр түрлі жүрек талмасы бар балаларға жүргізіледі. Инсульттық орталық та жақсы қызмет етіп отыр. Жоғары білікті нейрохирургтар жоғары технологиялық операцияны бас пен жұлынға жасайды. Офтальмологиялық орталықта МО БҚММУ көзге және көз маңына күрделі операциялар жасалады. Маман травматологтар тізе мен жамбас буындарын эндопротездеу әдісін үйренген. Облыста донорлық бауырды трансплантациясын игерген ол ҚР Институт трансплантологиясымен бірлесіп жүргізіледі, бауырды салу бойынша 3 операция жасалды. Бауырды трансплантациялау жоспарланып отыр.

Реабилитациялық орталық «Клиника «Дару», қазіргі заманғы жоғары технологиялық медициналық құралдармен жабдықталған және жоғары білікті мамандары бар ол батыс аумағында алдыңғы қатарлы клиникаға айналды, ол реабилитациялық көмек көрсету жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізеді.

Жыл сайынғы медициналық қызметті Ақтөбе қаласы клиника қызметкерлері ұсынады олар Орал, Қызылорда; Маңғыстау және Атырау облыстары тұрғындары арасында сұранысқа ие.

«Базаға бірегей қолжетімділік көзі» парталы бойынша төлеуге ұсынылатын соманы есепке алу және сомасын көрсету бағдарламасы тек 2015 жылдың 9 ай аралығында Ақтөбе стационарында ем алғандар 63 азамат олар жақын шетел азаматтары негізінен шұғыл медициналық көрсеткіштері бойынша ем алған және бала туу бойынша емделген. Оның ішінде жоспарлы ем қабылдаушылар бірен-сараң ғана.

Тәуліктік және күндізгі стационарда облыс бойынша осы мерзімде ем алғандар 2109 науқас (3,3% барлық емделгендері) оның ішінде Қазақстанның басқа облыстарынан жоспарлы түрдегі ем алғандар 514

науқас (24,4%). Тәуліктік стационарда ем алғандар 834 науқас оның ішінде басқа облыстан келіп ем алғандар (портал бойынша) шамамен 200 адам.

Медициналық туризмді әрі қарай дамыту үшін мыналар қажет:

- 1) Қаланың ірі медициналық ұйымдары аккредитация GSI алу және халықаралық сертификат алу;
- 2) Науқастар тұратын қонақүй салу және олармен бірге еріп келушілерге арналған қонақ үй салу;
- 3) Бренд, туризм туристік өнімді құру мен жылжыту бойынша PR-компанияны жобалау.

Жаңақоныс ауылында қонақ үй салу үшін инвестиция тарту мүмкіндігі жоғары, онда : медициналық орталық, ядролық орталық, гемодиализ бөлімі, онкоқызмет, кардиологиялық орталық, психоневрологиялық диспансер, наркодиспансер, облыстық клиникалық аурухана, балалардың облыстық ауруханасы және т.б. орналасқан. Инвестициялық тартымдылықты мыналар құрып отыр: тұрақты клиенттердің болуы (аурулар мен еріп келушілер), құрылыс салу орны Жаңақоныс аумағында және мемлекеттік ұйымның мүдделі болуы.

1.1.1. Әлеуметтік даму

Білім беру

Білім берудегі қолжетімділік пен сапаны қамтамасыз ету бойынша қызметтер Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізіледі, ол 2011-2020 жылдарға арналған бағдарлама және Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңын сақтай отырып және балаларға мектепке дейінгі тәрбие беруді қамтамасыз ету Бағдарламасын және оқыту «Балапан» 2010 – 2020 жылдарға арналған бағдарламаларын ұстана отырып жүзеге асыралады.

Ақтөбеде мектеп алды дайындық қызметінің қолжетімділігі жүзеге асырылып отыр, мемлекеттік және жеке балалар бақшасы және мини-орталықтар қызметі саны артып отыр.

Сурет 33. Мектепке дейінгі ұйым желісін дамыту динамикасы

2012 жылы 8 нысман бірелді: балаларға білім беру Орталығы «Ақбөбек» (372 орын), жеке мектепке дейінгі ұйымдар «Ертөстік», «Еркемай» (215 орыннан), мектепке дейінгі ұйымдар «Оңтүстік Батыс» және «Жаңа қоныс» ауданында (150 орын), үш жаңа жеке ұйымда мемлекеттік тапсырысты орналастыру - Дарын-2, Дарын-3, Аманат-2.

2014 жылы мекемелер саны артты: бөбектер-бақшасы №45 «Алтын бала» (320 орын), 9 жеке балалар бақшасы 830 орын - Аманат Балақай, «Малика-3», «Малика-4», «Бакыт», «Ақдәурен», «Самғау», «Райгул», «Ханзада», «Жайна». Көрсеткіш мектепке дейінгі ұйым санының 15,8% құрап отыр ол 2013 жылғы көрсеткіш. Жалпы алғанда 2015 жылғы жарты

жалда пайдалануға берілген балалар бақшасы «Нұр-Ай» (150 орын), жеке балалар бақшасы «Айлин» (300 орын).

3 балалар бақшасы салынып жатыр: онда 790 орын және облыстық физика-математикалық мектепті қайта жөндеу жұмысы жүргізілуде, 240 орындық он бала бақшаға қайта жабдықтау жұмысы жүргізіліп жатыр. Тек 2015 жылы 895 мектепке дейінгі орындар құрылды («Айлин»; «Медина»; «Томирис»; «Ботақан-А»; «Келешек» «Нұр-Дана»). Сонымен қатар пайдалануға 4 мемлекеттік балалар бақшасы беріледі онда 860 орын.

Сурет 34. Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту динамикасы

2015 жылы қазан айында мектепке дейінгі біліммен 3 тен 6 жас аралағандағы 50,1% қамтылды, ал 3 тен 6 жас аралығындағы балалар – 84% қамтылды. 50 мемлекеттік балалар бақшасы қалада 14225 баланы тәрбиелеп жатыр, оның қуаты – 11470 орын. Мектепке дейінгі орын дефициті топтарда артық қабылдау есебінен 2755 орынды құрап отыр, сонымен қатар тізімде 32470 адам тұр, оның ішінде 3тен 6 жас аралығында - 8302, 1 жылдан 3-жаста – 13140, 1 жасқа дейінгі балалар – 11028 (олар мектепке дейінгі тәрбиелеуге жатпайды). Мектепке дейінгі орын дефициті 24197 орын және бала туу қарқыны мектепке дейінгі тәрбие беру орнын ашу қарқыны жоғары болып отыр. Мысалы, 2011 жылы қалада 9333 сәби дүниеге келді 2012ж. – 9775, 2013ж. – 10275, 2014 жылы - 11028.

2013 жылы қалалық желі 74 мектепті 2014 жылы – 76, ал 2015 жыл қазанда – 78 орын ұсынды.

Кесте 29. Қала мектептері желісі

Көрсеткіштер	2013ж.	2014ж.	9 ай 2015ж.
Мемлекеттік күндізгі мектеп	67	68	69
Мемлекеттік кешкі мектеп	2	2	2
Жеке мектептер	5	6	7

Апаттық жағдайда тұрған мектептер жоқ, үш ауысымды оқу мектептері саны кеміді 3 дейін (салыстыру үшін :2013 ж. – 7, 2014 ж. – 6). Мектеп санын көбейту қажеттілігі артып отыр ол негізінен 12-жылдық білім берумен байланысты, сыныптар толық. 69 мектепте 59574 оқушы оқып жатыр барлық ғимараттың қуаты – 46709 оқушы орны болып отыр, оқушы орнының дефициті - 12865 орын. «Болашақ», «Келешек», «Батыс», «Батыс-2», «Рауан», «Ясный-2», «Бауырластар» аудандарында мектеп жоқ, қолданыстағы мектептер қуаты Ақжарда, Ақшатта, ГМЗ ауданында (№5 ОМ), ескі қала маңында (№ 22 ОМ), Ақжар-2 (ОМ № 45), Құрмыш (ОМ № 31) және 12- шағын ауданда (ОМ№ 56).

Сонымен қатар статистика мәліметтері бойынша кейінгі жылдарда оқушылар санының артуы күтіліп отыр. Мысалы мектеп алды дайындығын

балалар бақшасы мен мектептерде 3644 бала 6-жастағы балалар (2014 ж. – 3528) және 7449 бала 5-жаста (2014 ж. – 7358). демек, 1 сыныпқа қабылдау 2016 жылы 1 сынып оқушысы санынан артық болады (болжаулық қабылдау 8500 бала). Қалалық білім беру бөлімінің анықтаған динамикаға сәйкес контингенттің өзгеруі соңғы 15 жылда болып отыр. Бірінші сынып оқушылары саны 11-сынып оқушыларынан көп және 9-шы сынып оқушылары саны көп олар мектепте оқуын жалғастыруды таңдағандар.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында мектеп салу, қайта жөндеу және капиталды жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша шаралар қабылдануда және «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020». 2012 жылы 5 мектеп салынды: № 54 мектеп 100 орын, № 45 мектеп 150 орын, № 46 мектеп 150 орын № 8 мектеп 600 орын және № 10 мектеп 600 орын. 2013 жылы Құрашасай орта мектебі салынды, ол 150 орын ол үш ауысыммен оқуды жойды. 2014 жылы 3 мектеп салынып бітті 320, 1000 және 600 орын. 2012 жылы 2014 жылдың соңына дейін қалада 9 мектеп енгізілді 2015 жылы жоспарға сәйкес 600 орындық мектеп Жаңақоныста енгізілді 3 мектеп Өрлеу ауылында Кирпичныйда салынуда (демек 270 және 320 орын) сонымен қатар шағын аудан «НұрАқтөбеде» 1200 орындық мектеп салынуда. 2015 жылдың екінші жартыжылдығында Заречный-3 600 орындық мектеп салу жоспарланып отыр.

2013 жылы білім беру нысанының 13 капиталдық жөндеу жоспарланып отыр, оған 5 мектеп 8 балалар бақшасы және қалалық балалар сарайы да кіріп отыр. 2014 жылы білім беру нысанының 26 капиталдық жөндеу жүргізілді 12 мектеп, 9 балалар бақшасы және 4 мектептен тыс ұйымдар.

3 білім беру сапасының маңызды факторы ол педагогтарды тарту мен ынталандыру болып саналады және біліктілігін арттыру ол үш деңгейлі моделде жүргізіледі базалық курстарда жүргізіледі 2015 жылдың тамыз айында 4607 педагогтың жоғары біліктіліктік санаты 886 адамда болды (19,2%), бірінші санатта – 1305 адам (28,3%).

ҰБТ нәтижесі бойынша мектептегі білім беру сапасының оң динамикасы берілді. ҰБТ бойынша орташа балл 2013 ж. 84,3 балла, 2014 ж. - 88,6 балла, 2015 ж. - 83,4 балл болды. Онда да ҰБТ тапсыру көрсеткіші Ақтөбе қаласында 2015 жылы алдыңғы бестікке кірді 4 орын алды.

Кесте 30. Білім сапасы (жаратылыстану -математикалық цикл)

Көрсеткіштер		2012ж.	2013ж.	2014ж.
а	Математик	57,2%	54,8%	59,3%
	Физика	55,1%	56,7%	49,8%
	География	69,3%	69,8%	66,4%
	Биология	69,0%	68,7%	63,7%
	Химия	57,2%	59,6%	51,6%
	Информат	-	-	79,4

ика			
Орташа % сапасы	61,6%	61,9%.	61,7%

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру сапасы бір деңгейде сақталып отыр, оның аздап төмендеуін мамандар қазіргі заманға сай кабинеттердің физика, химия биология кабинеттерінің болмауымен байланыстырып отыр. География кабинеттері жоқ және информатика кабинеттерінде құралдар моральдық тозған кабинеттер жаңа модификацияны талап етеді (5 физика, 16 - химия, 38 – биология кабинеті), сонымен қатар математика мен география кабинеттері де қазіргі заманға сай жабдықтауды талап етіп отыр.

Жалпы білім беретін мектептердің жаңа ұрпақ құралдарымен жабдықталуы жоспарлы кестемен жүргізіліп отыр. Ағымдағы жылы жаңадан ашылған мектептерге 9 кабинет сатып алынды 3 биология, химия физика кабинеттері. Жаңа модификациядағы кабинеттермен жабдықталған мектептер 71,3%. Оның ішінде ЛМК кабинеті 43 мектепте бар (62,3%), физика кабинеті – 64 (92,4%), химия кабинеті –53 (80,3%), биология кабинеті –30 (45,5%). Жалпы алғанда жаңа модификациядағы жабдықталған кабинеттер саны артып отыр: 2012 жылы - 57,6; 2013 жылы - 61,2; 2014 жылы - 68,8, 2015 жылдың 9 ай аралығында - 71,9 (орташа,%).

2015-2016 оқу жылының басында мектептерде 4382 бірлік компьютер техникасы болды оның ішінде 466 компьютер « 1 компьютерге келетін оқушы саны» 1-11 класта 24 оқушы 1 компьютерге келеді, 5-11 класта – 16 оқушыдан келеді. Барлық мектептер интернетке қосылған оның ішінде 67 – кең жолақты интернетке қосылған.

Инновациялық технологиялар енгізілуде. Электрондық оқыту жүйесінде «E-Learning» 21 мектеп жұмыс істеп отыр, интерактивті on-line технология қолданылады, электрондық оқулықтар қазақ және орыс тілдерінде.

2015-2016 оқу жылынан Қызылжар мектебінде және №25 мектепте мектеп жұмысын бағалаудың жаңа критериальды бағалауы сыналады. Ал мектеп -гимназия №9 және Жаңа ОМ 12жылдық оқыту моделіне ауысу жүргізіледі, онда жаңа оқулықтар мен жаңа технологиялар сынақтан өтеді.

Көп тілдік білім беруді енгізу бойынша жұмыстарға дайындық жүргізіліп жатыр. Мектеп -гимназия №21 үш тілде оқыту (қазақ,орыс, ағылшын) 128 оқушы 7-11 класта математика биология және ағылшын тілінде білім алады, орыс тілі мен әдебиетін оқу орыс тілді оқыту мектептері бағдарламасымен жүргізіледі. Ағылшын тілінде оқытуды 5 оқушы жүргізеді: математика – Оразаева Р.Т., Альжанова Ф., Сафиева М, биология – Жусупова Ж. Ж, Жалғасбаева Ж. А. мектеп-гимназия орта мектебі № 9 биологияны ағылшын тілінде 33 оқушы оқиды 8-сыныпта ағылшын тілі мұғалімі Сагиданова А. жұмыс істейді, ол биология оқытушысы Колохова М.тығыз қатынаста жұмыс істейді.

Үш деңгейлі бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру пәнді оқыту тәсілін өзгертуге ықпал етеді, онда оқушылар танымдылық қызметте белсенділік көрсетеді. Кәсіби мотивацияның (қозғамның) артуына және оқыту сапасының аруына оқушы санын қаржыландыру жаңа технологияны енгізу әсер етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білімге қолжетімділікке аз қамтылған отбасыларға білімге қолжетімділікке көп көңіл бөлініп отыр.

Инклюзивиті сыныптар 38 мектепте ашылды, ол 119 балаға арналды. 118 ұйымның ішінен (69 мектеп, 49 балалар бақшасы) 57 ұйым мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсетеді.

Сурет 35. Инклюзивтік білім беруге білім беру ұйымдарында жағдай жасауды ұйымдастыру үлесі

Инклюзивтік білім беруге жағдай жасауға арнайы коррекциялық мекемені талап етеді. Сөзді және көзді коррекциялау 775 мектеп жасына дейінгі балаға қызмет көрсетіліп отыр және 10 балалар бақшасы, олар кеңес беру қызметтерін көрсетеді ПМК және Ресурстық орталық. Жыл сайын жаңа мектепке дейінгі ұйымдарда 2 коррекциондық топ ашу жоспарлануда, ал мектепте білім беру жүйесінде логопед және дефектологтармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бүгінгі күні сөйлеуі қиынға соғатын балаларға қолдау көрсетумен 9 мектептегі логопед пункттары жұмыс істеп отыр. Барлық ОВР балалар 6 дан 18 жас аралығында барлық саны 1159, оның ішінде 381 арнайы білім беруге қамтылған, 58 оқытуға жатпайды. Қалған 720 баладан инклюзивті білім беруге қамтылғаны 540 бала олар мүмкіндігі шектеулі балалар .

Тек 2015 жылы ОМ № 4 психолог-педагогикалық коррекция кабинеті ашылды онда балалар кеңес алады және оңалтудан өтеді. Сонымен қатар екі 1- сыныпқа арналған сөйлеу қабілеті бұзылған кабинет бар ол № 4 ОМ жұмыс істеп тұр. Қалада мүмкіндігі шектелген балаларға коррекциялық -педагогикалық қолдауды 2 арнайы коррекциялық орталықта ашылған 8 бала бақшасында коррекциондық топтар бар, 1 кабинет психолог-педагогикалық коррекция кабинеті, 39 логопедиялық пункт жалпы білім беру ұйымында орналасқан. № 19 ОМ ЗПР балаларға арналған сынып ашылған. Осы кабинеттердің қызметі мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы білім беруде маңызды болып отыр.

Кесте 31. Тамақпен қамтамасыз етілуі, %

Көрсеткіш	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	7 ай 2015 ж.
Ыстық тамақ ішетрін оқушылар үлесі	94,6%	96,9%	95,5%	95,4%

Орта білім беру орнын тамақпен қамтамасыз ету үшін және оны балаға қолжетімді ету үшін 2 720 баланы 22 қала мектебіне алып келу

ұйымдастырылған (100% кіріптарларды қамту). Жеңілдіктері бар балалар жыл сайын оқулықпен қамтамасыз етіледі.

Жоспарланып отырған мерзімдегі негізгі проблема ол мыналар болып табылады: мектеп дефициті, жаңа модификациядағы кабинеттер, көп тілде оқытушы педагог-пән мұғалімдері, жас мамандардың мектепке аз келуі.

Денсаулық сақтау

Жалпы қалада қолайлы медициналық-демографиялық жағдай орнатылған және тұрғындар денсаулығының көрсеткіші де қанағаттанарлық деңгейде ол мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр. Бала туу саны артты 23,83 (2012жыл) 25,67 (9 ай 2015 жыл а) 1000 тұрғынға шаққанда жалпы өлім көрсеткіші төмендеген 7,29 (2012 жыл) 6,48 (9 ай 2015 жыл). Табиғи өсім коэффициенті 18,89. Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасы қала тұрғындарының өмір сүру жасын ұзарту арқылы көрініп отыр, ол 2014 жылы 71,5 жыл (72 жыл облыста).

Денсаулық сақтауды дамытудың басымдықты бағыттарының бірі ол ана мен баланы қорғау болып отыр, ана мен бала өлімін азайту. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін босануды қабылдау және балалар ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жақсартылды босандыру мен тууды қабылдау үшін жаңа технология енгізілді, жүкті бола алмайтын тұлғаларды қамтыды. Ана мен бала өлімін кемітудегі оң динамикаға кешенді шараларды жүзеге асыру ықпал етті жүктілік және туу барысындағы алдын алу шараларын жүргізу ықпал етіп отыр.

Сурет 36. Ана мен бала өлімінің көрсеткіштері (тірі туған 100 мыңға шаққанда)

9 ай аралығы 2015 жыл ана өлімі 16,5 болды ол 100 мың тірі қалған анаға шаққанда бала – 10,11 1000 шаққанда. Бала өлімін тұрақтандыру мен көрсеткішті төмендетуге (0 ден 5 жылда 1000 шаққанда) оң нәтиже бар: 2012 ж. - 14,2; 2013 ж. - 13,9; 2014 ж. - 13,4; 9 ай 2015 ж. - 13,2.

Ана өлімінің негізгі себептері акушерлік қан кету болып табылады, гестозы, экстрагенитальды және патология, анемия, ал балалар өлімі - перинаталды мерзімдегі жағдай, туа біткен патология, жатыр ішіндегі инфекция. Осы себептер ерте диагностикалау деңгейін аз қамтуды және жүктілерді скринингтемеуді көрсетіп отыр, туа біткен патологияны анықтау мақсатында жүргізіледі ол жүкті адамның қабылдауға келмеуімен байланысты және ана болуға дайындығының аздығын және жауапкершілігінің аздығын көрсетіп отыр.

Қала тұрғындарының ауру мен өлім динамикасының төмендеуі әлеуметтік маңызды аурулардан болып отыр. Скринингілік зерттеу нәтижесінде, қан айналысы науқастарын дәрілік қамтамасыз етуден ауру мен өлім кеміді (әрі қарай-БСК) жалпы өлім құрылымында БСК соңғы жылдары

артып отырған болса да. Мысалы, 2014 жылы – 66% (салыстыру үшін: онкологиялық – 32%, туберкулез – 2%).

Кесте 32. Әлеуметтік маңызды аурулардан ауру және өлу қатынастары (100 мың тұрғынға шаққанда)

Көрсеткіштер (100 мың халыққа)	2012ж.		2013ж.		2014ж.		9 ай 2015ж.	
	науқаста ну	өлім	науқаста ну	өлім	науқаста ну	өлім	науқаста ну	өлім
ҚЖА	1508,3	248,6	1429,7	217,1	ҚЖА	1508,3	248,6	1429,7
Онкологиялық аурулар	132,9	115,5	148,5	124,3	Онкологиял ық аурулар	132,9	115,5	148,5
Туберкулез	89,7	9,1	87,5	7,5	Туберкулез	89,7	9,1	87,5

БСК ауру және өлу санының артуы 9 ай аралығы 2015 жылы қан айналысы жүйесін диагностикалаудың жақсаруымен байланысты және «қартаю» өлім себептерін қолдануды өзгертумен байланысты болып отыр. БСК өлумен ауруды кеміту мақсатында Денсаулық сақтау жүйесінде жаңа диагностикалау мен емдеу технологиясы енгізіліп жатыр, ол жоғары мамандандырылған медициналық көмек алуға мүмкіндік береді: интервенциялық кардиохирургиялық араласу, коронарография, стентирования, электрокардиостимулятор имплантациясы және басқалары.

Онкологиялық түзілімнің артуы 2012 жылмен салыстырғанда скринингілік бағдарлама енгізумен байланысты. Қазақстан Республикасында онкологиялық көмек көрсетуді дамыту Бағдарламасы 2012 – 2016 жылға арналған 2014 жылдан Ақтөбе облысында 6 скринингілік бағдарлама жүзеге асырылып отыр: сүт безінің рагы бойынша, жатыр аузы рагы, колоректальды рак, предстательді без рагына скринг жасау, асқазан мен өңеш рагына скринг жасау. Скринингілік зерттеулерді енгізу онкологиялық түзілімді ерте анықтауға мүмкіндік берді және стат. мәліметтерге әсер етті.

Проблемаалар мыналар: облыста онкологиялық диспансердің болмауы, қатерлі ісікті анықтау диагностикалау мен емдеудегі инновациялық технологияның жоқтығы; қатерлі ісікті ерте диагностикалауға дайындалған медициналық қызметкерлер дефициті және М. Оспанов атындағы МО БҚМУ материалдық-техникалық толық жабдықталмауы. БМСК желісінің алдын алу бағыттарын жетілдіру науқастардың ақпараттануы, жоғары технологиялық диагностика мен емдеу әдісі, секторалдық аралық қатынас, епаллиативтік көмекті дамыту онкологиялық ауру көрсеткішін төмендетудің және өлім көрсеткішін төмендетуге ықпал етеді. Өлім бойынша қатерлі ісік жалпы өлім құрылымынан 2-ші орын алып отыр, ол қан айналысы ауруларының өлімінен кейінгі екінші орынды алып отыр. Жалпы алғанда қатерлі ісік бойынша көрсеткіштер және БСК бойынша көрсеткіш Ақтөбе

каласында республикалық мәннен төмен. Мысалы: 2014ж. онкологиялық ауру және өлім 146,6 және ҚР 95,9 (ҚР – 254,3 және 198,7).

Туберкулезді емдеу мен оның алдын алу бойынша қабылданған шаралар туберкулезбен Кешенді күресудің 2014-2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жүргізіліп отыр «DOTS-плюс». Соңғы жылдары облыста және қалада туберкулезбен ауру мен одан өлу көрсеткіші төмендегідей. Туберкулезді таратудағы эпидемиологиялық бақылауға үлкен мән беріліп отыр, дәрілік тұрақтылықтың дамуына және туберкулезден өлуге көп мән беріліп отыр. Туберкулезді ерте диагностикалау әдісі енгізілді, туберкулезге қарсы жүйе жүзеге асырылуда, ол бірінші екінші және үшінші қатардағы препараттармен қамтамасыз ету, флюорографиялық зерттеу тұрықты жүргізіледі. Ауруларға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі өзекті болып отыр (үй беру, қоғамдық көлікпен жүру ақысын төлеу, туберкулезбен ауыратындарды тамақтандыруға қаржы бөлу, оның ішінде балаларға да).

ЖИТ-инфекция қалада тарамауы үшін және оның алдын алу үшін ақпараттық-білім беру жұмыстары тұрғындар арасында жүргізіліп отыр көпшіліктік басылымдар кең пайдаланылуда, әсіресе әлеуметтік әлсіз топтарға жұмыстар көп жүргізіледі. Антитретовирусті терапияны қажет ететіндерге СПИД науқастарымен жұмыстар жүргізіледі. Қабылданған шаралар ЖИТС-инфекциясын 15-49 жас арасында таралуына кедергі болып отыр (2012 ж. -0,065; 2013 ж. -0,058; 2014 ж. -0,041; 9 ай 2015 ж. -0,046).

Көптеген ауруларды ерте анықтау үшін ұлттық скринингілік бағдарлама енгізілді. Амбулаториялық -емханалы мамандар жыл сайын скринингілік қарауға 30% артық тұрғындарды тартып отыр.

Тұрғындарға емдеу-алдын алу көмек көрсетуді ұйымдастыру екі құрамды бөліктен тұрады: бастапқы медико-санитарлық көмек (әрі қарай -БМСК) және арнайы мамандандырылған медициналық көмек. БМСК дамыту «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында жүргізіледі ол қаланың денсаулық сақтау бағытында басымдықты болып отыр. Оның басымдылықтылығы БМСК медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сонымен қатар Қазақстанның денсаулық саласында 30 дамыған ел қатарына кіру үшін жүргізіліп отыр. Қалада медико-әлеуметтік модель құрылған, ол бір жағынан тұрғындардың медициналық қызметке қанағаттануы үшін және екінші жағынан медициналық қызметкерлерді сапалы медициналық қызмет көрсетуге ынталандыру үшін құрылған. Әлеуметтік бағытталған БМСК моделі медициналық, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы шаралар мен әдістерді арттыр үшін құрылған. Осы міндеттерді шешу үшін жалпы медициналық тәжірибе принципі бойынша (әрі қарай -ЖТД), әлеуметтік қызмет лауазымы енгізілуде және психолог лауазымы енгізілуде.

Медициналық қызмет сапасына қанағаттануды болашақта пациентті қолдау қызметтері жүзеге асыратын болады.

Ұлт жоспары - «100 қадам» бағдарламасын енгізу БМСК жан басына шаққандағы норматив қаржыландырудағы дисбалансты және кепілденген

тегін медициналық көмекке амбулаториялық режимде қол жеткізудегі теңсіздікті бұзады. БМСК шығыны 2015 жылдың 9 ай аралығында 40,1% болды, ол жалпы көлемнен алғандағы көрсеткіш (салыстыру үшін: 2012 ж. – 35,2%, 2013 ж. – 37,7%, 2014 ж. – 39,5%).

Денсаулық сақтау саласындағы Бірегей ұлттық жүйесі аясында медициналық ұйымды еркін таңдау жүйесін енгізілді. Қала тұрғындарына медициналық қызметті 170 медициналық ұйым көрсетіп отыр (мемлекеттік, ведомствалық және жеке).

Кесте 33. Қаланың медициналық ұйымдары қатынасы

Жыл ы/количество	2012ж.	2013ж.	2014ж.	9 ай 2015ж.
барлығы	167	167	170	170
мемлекеттік	43	43	46	46
ведомстволық	13	13	13	12
жеке	111	111	111	112

